

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮДІЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕНЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША  
ФИЗИКАЛЫҚ ЖЫЛДЫМАЙТЫН МҮЛКЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ  
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТУТҚАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 24 ж. 09 с. 06 күні  
БСН 15084005090  
№ 1409-1901-1000-04  
Бастапқы тіркелген күні  
20 19 ж. 04 с. 18 күні

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Сыртқы істер министрінің  
2024 жылғы « 03 » мамыр  
№ 11-1-4/203 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

«Сыртқы саяси зерттеулер институты»  
акционерлік қоғамының  
**ЖАРҒЫСЫ**

Астана  
2024 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Жарғы «Сыртқы саяси зерттеулер институты» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, функциялары мен қызметінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Сыртқы саяси зерттеулер институты» Акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: Акционерное общество «Институт внешнеполитических исследований»;

ағылшын тілінде: Joint-stock company «Foreign Policy Research Institute».

1.3. Қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «ССЗИ» АҚ;

орыс тілінде: АО «ИВИ»;

ағылшын тілінде: JSC «FPRI».

1.4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Әлия Молдағұлова көшесі, 32/1 ғимараты.

1.5. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады.

Қоғам акцияларының 100% (жүз пайыз) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның осы Жарғысына (бұдан әрі - Жарғы) сәйкес, Жалғыз акционердің функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - Жалғыз акционер) болып табылатын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне берілді.

1.6. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Жарғысымен танысуға құқылы.

### 1. Қоғамның заңдық мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» (бұдан әрі - Заң) заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

2.2. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге және жүзеге асыруға, міндеттерді атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы. Қоғамның өз атауы бар мөрі, бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

2.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға, еншілес ұйымдар мен филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

### **3. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі**

3.1. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

3.2. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

3.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты Мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

### **4. Қоғам қызметінің мақсаттары мен түрлері**

4.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын әзірлеу және іске асыру кезінде талдамалық зерттеулерді жүзеге асыру болып табылады.

4.2. Қоғамның негізгі қызмет түрлері:

1) сыртқы саясат және халықаралық қатынастар саласында талдамалық зерттеулер жүргізу;

2) меншікті мүлікті жалға беру және басқару.

4.3. Рұқсаттар мен хабарламалардың болуын талап ететін қызмет түрлері заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **5. Қоғамның мүлкі мен капиталы**

5.1. Қоғамның мүлкі:

1) Жалғыз акционердің Қоғам акцияларын төлеуге берген мүлкісінің;

2) оның қызметінің нәтижесінде алынған табыстарының;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктердің есебінен қалыптастырылады.

5.2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

## **6. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары**

6.1. Қоғам акциялар, облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар туралы заңнамасында айқындалады.

6.2. Қоғам тек жай акциялар шығарады.

6.3. Қоғамның акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

6.4. Акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

6.5. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

6.6. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі - Орталық депозитарий) ғана онымен жасалған шарт негізінде жүзеге асыра алады.

## **7. Акциялар бойынша дивидендтер**

7.1. Қоғамның таза табысы (салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтерді төлеуге бөлінеді.

7.2. Қоғамның Жалғыз акционеріне дивидендтерді төлеу жылына бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметі пайыздық қатынаста белгілеген мөлшерде жүргізіледі. Жыл қорытындысы бойынша акциялар бойынша дивидендтерді есептеу және төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды. Дивидендтер оларды төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күн ішінде төленеді.

7.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге:

1) Қоғамның өзіндік капиталының теріс мөлшері кезінде немесе өзіндік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болған жағдайда;

2) Егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық саласындағы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса жол берілмейді.

## 8. Қоғамның органдары

### 8.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі;
- 5) ҚР заңнамасына сәйкес өзге де органдар болып табылады.

## 9. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

### 9.1. Жалғыз акционердің:

- 1) Заңда, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер белгілеген немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) Орталық депозитариден немесе номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысының шақырылуын талап етуге;
- 6) Қоғамға аудиторлық ұйымның аудит жүргізуін өз есебінен талап етуге;
- 7) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дауласуға;
- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша өтінімдермен жүгінуге және дәлелді жауаптарды Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде алуға;
- 9) Қоғам таратылғаннан кейін қалған мүлікке;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басым түрде сатып алуға құқықтары бар.

9.2. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы мүмкін.

### 9.3. Жалғыз акционер:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) Орталық депозитарийге және Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы 10 (он) күн ішінде хабарлауға;



3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе ҚР заңнамасымен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## 10. Жалғыз акционердің құзыреті

10.1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) жарғылық капитал мөлшерін өзгерту;

3) Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту;

4) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға не олардың қызметіне қатысуы туралы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау (қайта сайлау), олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ мемлекеттік қызметші болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мен шығындарын өтеу мөлшері мен талаптарын айқындау;

6) «алтын акцияны» енгізу және жою;

7) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою;

8) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

9) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

10) Директорлар кеңесі туралы оның қызметінің, отырыстарын шақыру мен өткізудің тәртібін көздейтін Ережені бекіту, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу;

11) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

13) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау (қайта сайлау), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

14) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;  
15) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

16) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

17) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (әдістемесін бекіту);

18) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

19) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

20) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

21) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан жоғары пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле (мәмілелер) туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан жоғары пайызын құрайтын мүлікті, оның (олардың) нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені (ірі мәмілелерді) Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

22) Заңмен және (немесе) осы Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау.

10.2. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша шешім қабылданатын осы Жарғының 10.1-тармағының 1) - 7) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімді Жалғыз акционер дербес қабылдайды.

10.3. Егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

10.4. Жалғыз акционер, егер осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғам органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

10.6. Жалғыз акционердің шешімдерінің көшірмелерін Қоғам қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақтауға тиіс.

## 11. Қоғамның Директорлар кеңесі

11.1. Директорлар кеңесі Заңда және осы Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

11.2. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің шешімімен сайланады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар шектеусіз қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

11.3. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабарлау негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіліктері жалпы алғанда Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

11.4. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде 30 (отыз) пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

11.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына келесі тұлға сайлануға құқығы жоқ:

1) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар тұлға;

2) бұрын белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын мерзімде басқа заңды тұлғаның Директорлар Кеңесінің Төрағасы, бірінші басшысы, басшысының орынбасары, Бас бухгалтері болған тұлға. Аталған талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

11.6. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:



- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, олардың орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 6) Басқарма туралы, оның қызметінің, отырыстарын шақыру мен өткізудің, шешімдерін қабылдау мен ресімдеудің тәртібін көздейтін Ережені бекіту;
- 7) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықтарының мөлшерін және еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу;
- 8) Ішкі аудит қызметінің қызметкерін тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметінің қызметкеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау.
- 9) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық айлыққысының мөлшерін және сыйақы шарттарын белгілеу;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адамды, оның өкілеттік мерзімін, оларды мерзімінен бұрын тоқтатуды, сыйақы мөлшері мен еңбекақы төлеу шарттарын айқындау;
- 11) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның Басқармасы Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар мен Қоғамның бағалы қағаздарына жазылым жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;
- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

17) ҚР заңнамасымен қорғалатын қызметтік, коммерциялық немесе өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

18) жасалуы туралы Жалғыз акционер Заңға сәйкес шешім қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, өзге ірі мәмілелерді және Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

19) Қоғамның Басқармасы әзірлеген және ұсынған Қоғамның Даму жоспарын және Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту;

20) Қоғам қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану қағидаларына сәйкес Төрағаға, Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға, Ішкі аудит қызметінің қызметкеріне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адамға тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

21) Заңда және осы Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

11.7. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам басқармасының шешуіне берілмейді.

11.8. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

11.9. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, өкілеттіктері, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді.

Егер Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін мәселе қандай да бір комитеттің өкілеттігіне кіретін болса, мұндай мәселені Директорлар Кеңесінің тиісті комитеті алдын ала қарайды.

11.10. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен және Директорлар кеңесі туралы Ережесімен айқындалады.

11.11. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін адамның дауысы шешуші болып табылады.

11.12. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

11.13. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін, оны өткізу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы Ережеде айқындалады.

11.14. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстарының шешімдері) және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар Қоғам қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақтауға жатады.

## 12. Қоғам Басқармасы

12.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган – Қоғам Басқармасы жүзеге асырады. Қоғамның Төрағасы мен Басқарма мүшелерін Жалғыз акционер үш жылға дейінгі мерзімге сайлайды.

12.2. Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан тұрады. Қоғамның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

12.3. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі Комитетінің төрағасы бола алмайды және Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

12.4. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы. Басқарма төрағасы атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқылы емес.

12.5 Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, өзге де ішкі құжаттармен, сондай-ақ аталған адам Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен айқындалады.

Басқарма Төрағасымен Қоғамның атынан жасалған еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оған Жалғыз акционер уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

12.6. Қоғам Басқармасының құзыретіне:

- 1) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдау;
- 2) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- 3) Қоғамның ұйымдық бірліктері (бөлімшелері) туралы Ережелерді бекіту;
- 4) статистикалық есептілікті қалыптастыру;
- 5) Басқарма мүшелерін, Корпоративтік хатшыны, Ішкі аудит қызметінің қызметкерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-



қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адамды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін айқындау;

б) Жалғыз акционердің немесе Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелерден басқа Қоғам қызметінің барлық басқа мәселелерін шешу жатады.

12.7. Қоғамның Басқарма Төрағасы:

1) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

5) Қоғам қызметкерлерін (Басқарма мүшелерін, Корпоративтік хатшыны, Ішкі аудит қызметінің қызметкерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адамды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу (сыйлықақы беру) шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақыларының мөлшерін белгілейді;

б) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

7) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

8) штат кестесін бекітеді;

9) Жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12.8. Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шақырылады. Шешімдер Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға осы отырысқа қатысатын Басқарманың барлық мүшелері қол қояды.

12.9. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

12.10. Қоғам егер мәміле жасалған сәтте тараптардың Қоғам белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, ол өзінің Басқармасы осы шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамды екеніне дау айтуға құқылы.

12.11. Басқарма төрағасы Қоғамда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі, материалды, хаттаманы, ұсынымды жіберген адамға немесе органға, оларды қарау нәтижелері туралы заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша хабарлауға міндетті. Басқарма төрағасы



Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндетті орындамағаны үшін дербес жауапты болады.

12.12. Басқарма отырыстарының хаттамаларын Қоғам өзінің бүкіл қызмет мерзімі ішінде сақтауға тиіс.

### **13. Қоғамның лауазымды тұлғалары**

13.1. Қоғамның лауазымды адамдары (Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелері):

1) өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауға және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделеріне барынша сәйкес келетін іс-әрекеттер жасауға;

2) Қоғамның мүлкін осы Жарғыға және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарында пайдалануға жол бермеуге;

3) өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде теріс пайдаланбауға;

4) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың жария етілуін және ұсынылуын бақылауға;

6) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамдағы жұмысы тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде сақтауға міндетті.

13.2. Қоғамның басқарушылық функцияларын орындайтын лауазымды адамдары мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестіріледі және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болады.

13.3. Лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіп бойынша Қоғам мен Жалғыз акционер алдында жауапты болады.

13.4. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде лауазымды адамға Қоғамға келтірген зиянын не залалын өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

13.5. Қоғамның лауазымды адамдары Қоғамның шығынына әкеп соқтырған Қоғам органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

### **14. Қоғамның есебі, есептілігі және аудиті**

14.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп және қаржылық

есептілік саласындағы заңнамасына, Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған Есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

14.2. Жылдық қаржылық есептілік мыналарды қамтиды: Бухгалтерлік баланс, пайда мен зияндар туралы есеп, Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, Капиталдағы өзгерістер туралы есеп, Түсіндірме жазба.

14.3. Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Жылдық қаржылық есептілік пен Аудиторлық есепті жариялауға міндетті.

14.4. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Жалғыз акционердің қарауына шығарған күнге дейін, 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Директорлар кеңесі алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

14.5. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғамның есебінен не Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы.

Жалғыз акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті. Егер Басқарма Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

## **15. Қоғамның ақпаратты ашуы, аффилирленген тұлғалар**

15.1. Қоғам Жалғыз акционердің назарына оның сұрауы бойынша Қоғамның қызметі туралы кез келген ақпаратты, оның ішінде келесі корпоративтік оқиғаларды жеткізеді:

1) Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Қоғамның акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелер және Қоғамның жасауға мүдделілігі бар мәмілелер жасауы;

4) Қоғам активтерінің 5 (бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

5) Қоғамның өзіндік капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

6) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсаттар алуы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрын алған рұқсаттарының қолданылуын уақытша тоқтатуы немесе тоқтатуы;

7) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

8) Қоғамның мүлкіне тыйым салу;

9) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;

10) Қоғамды және оның лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту;

11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

12) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

13) осы Жарғыға, сондай-ақ Қоғам акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат Жалғыз акционерге Қоғамның корпоративтік дауы жөнінде азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыру қағазын) алған күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

15.2. Қоғам Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында және Қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты ашуды жүзеге асырады.

15.3. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Орталық депозитарий беретін мәліметтер негізінде жүргізеді (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты).

15.4. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

15.5. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға табыс етуге міндетті.

15.6. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін уәкілетті органға өзі белгілеген тәртіппен ұсынуға міндетті.

Жалғыз акционердің функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган және Қоғамның лауазымды адамдары Қоғамға өзінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты Қоғамның Жарғысы жаңа редакцияда бекітілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, сондай-ақ үлестіктік пайда болуына қарай, оның пайда болған күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде береді.

## **16. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату**

16.1. Қоғам Құрылтайшының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

16.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

## **17. Қорытынды ережелер**

17.1. Қоғам осы Жарғымен реттелмейтін барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

17.2. Осы Жарғы ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

**Басқарма төрағасы**

 **Б. Нұрғалиев**



**УТВЕРЖДЕН**  
**приказом Заместителя Премьер-**  
**Министра – Министра иностранных**  
**дел Республики Казахстан**  
от « 03 » мая 2024 г.  
№ 11-1-4/203

**УСТАВ**  
**Акционерного общества**  
**«Институт внешнеполитических исследований»**

Астана  
2024 год

## **1. Общие положения**

1.1. Настоящий Устав определяет правовой статус, цели, функции и основные принципы деятельности Акционерного общества «Институт внешнеполитических исследований» (далее – Общество).

1.2. Полное наименование Общества:

на государственном языке: «Сыртқы саяси зерттеулер институты»  
Акционерлік қоғамы;

на русском языке: Акционерное общество «Институт внешнеполитических исследований»;

на английском языке: Joint-stock company «Foreign Policy Research Institute».

1.3. Сокращённое наименование:

на государственном языке: «ССЗИ» АК;

на русском языке: АО «ИВИ»;

на английском языке: JSC «FPRI».

1.4. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 010000, город Астана, район «Сарыарка», ул. Әлия Молдағұлова, здание 32/1.

1.5. Учредителем Общества является Правительство Республики Казахстан в лице Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан.

Право владения и пользования 100% (сто процентным) государственным пакетом акций Общества принадлежит Министерству иностранных дел Республики Казахстан, которое является государственным органом, осуществляющим функции единственного акционера (далее - Единственный акционер), в соответствии с законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом Общества (далее - Устав).

1.6. Настоящий Устав является учредительным документом Общества. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с настоящим Уставом в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

## **2. Юридический статус Общества**

2.1. Общество является юридическим лицом согласно законодательству Республики Казахстан и осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «О государственном имуществе», «Об акционерных обществах» (далее - Закон) и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

2.2. Общество имеет самостоятельный баланс, банковские счета, вправе от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные

неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления своей деятельности.

2.3. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц, создавать дочерние организации и филиалы (представительства).

### **3. Ответственность Общества и Единственного акционера**

3.1. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

